

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support



D630

D635



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары 3

2 Телефон 5

Телефон жиынтығы	5
Телефонды шолу	6
Негізгі станцияға шолу	7

3 Жұмысты бастау 9

Негізгі станцияны қосу	9
Жинақтағы батареяларды орнатыңыз	10
Телефонды баптау (мемлекетке байланысты)	10
Қашықтан қол жеткізудің PIN/құпия кодын өзгерту	11
Тұтқаны зарядтау	11
Батарея деңгейін тексеру	12
Күту режимі дегеніміз не?	12
Сигнал деңгейін тексеру	12
Тұтқаны қосу немесе өшіру	12

4 Басты мәзір белгішелері 13

5 Дисплей белгішелері 14

6 Қоңыраулар 15

Қоңырау шалу	15
Қоңырауға жауап беру	15
Қоңырауды аяқтау	16
Телефон тұтқасының дауыс зорайтқышының дыбыс деңгейін реттеу	16
Микрофон дыбысын өшіру	16
Дауыс зорайтқышты қосу/өшіру	16
Екінші қоңырау шалу	16
Екінші қоңырауға жауап беру	16
Екі қоңырау арасында ауысу	17
Сыртқы қоңырау шалушылармен конференция байланысы	17

7 Екі жақты және конференциялық қоңырау 18

Екінші телефон тұтқасына қоңырау шалу	18
Конференциялық қоңырау шалу	18

8 Мәтін мен сандар 20

Мәтін мен сандарды енгізу	20
Үлкен әріппен кіші әріп арасында ауысу	20

9 Телефон кітапшасы 21

Телефон кітапшасын қарау	21
Жазбаны іздеу	21
Телефон кітапшасынан қоңырау шалу	21
Қоңырау кезінде телефон кітапшасын ашу	22
Жазба қосу	22
Жазбаны өңдеу	22
Жеке әуенді орнату	22
Жылдам теру пернелерін орнату	23
Жазбаны жою	23
Барлық жазбаларды жою	23
Ерекшеліктер тізіміне контакт қосу	23

10 Қоңыраулар журналы 25

Қоңырау тізімі түрі	25
Қоңырау жазбаларын қарау	25
Қоңырау жазбасын телефон кітапшасына сақтау	26
Қайта қоңырау шалу	26
Қоңырау жазбасын жою	26
Барлық қоңырау жазбаларын жою	26

11 Терілген нөмірлер тізімі 28

Терілген нөмірлерді қарау	28
Терілген нөмірлерді телефон кітапшасына сақтау	28
Қайта қоңырау шалу	28
Қоңырау барысында терілген нөмірлер тізімін ашу	28
Терілген нөмірлерді жою	28
Барлық терілген нөмірлерді жою	28

12 Дыбыс параметрлері	29	Хабарландырулар	41
Телефон тұтқасында қоңырау дыбысының деңгейін орнату	29	Кіріс хабарлар	42
Ішкі қоңыраулар үшін тұтқаның қоңырау дыбысын орнатыңыз	29	18 Қызметтер	46
Сыртқы қоңыраулар үшін тұтқаның қоңырау дыбысын орнатыңыз	29	Қоңырау тізімі түрі	46
Перне дыбысы	29	Автоконференция	46
Қосылу дыбысын орнату	30	Қоңырау шалушы идентификаторы/ҚЖИ	46
Батарея дыбыс орнату	30	Автопрефикс	46
Дыбыс профилін орнату	30	Қайта қоңырау шалу ұзақтығын таңдау	47
		Теру режимі	47
		Бірінші шырылдау	48
		Автосағат	48
		Қосымша телефон тұтқаларын тіркеу	48
		Тұтқаларды тіркеуден шығару	49
		Әдепкі параметрлерді қалпына келтіру	49
13 Телефон параметрлері	31	19 Техникалық мәліметтер	50
Көрсету параметрлері	31		
ECO режимі	31	20 Ескерту	51
ECO+ режимі	31	Сәйкестік туралы декларация	51
Телефон тұтқасына атау тағайындау	32	GAP сәйкестік стандартын пайдалану	51
Күн мен уақытты орнату	32	Электр магнитті өріспен (ЭМӨ) үйлесімділігі	51
Дисплей тілін орнату	32	Ескірген бұйымдарды және батареяны жою	51
14 Оятқыш	34	21 Жиі қойылатын сұрақтар	53
Дабыл орнату	34		
Дабылды өшіру	34	23 Қосымша	55
		Мәтін мен санды енгізу кестелері	55
15 Құпиялылық режимі	35	24 Индекс	56
Шығыс қоңырауларды бұғаттау	35		
Кіріс қоңырауларды бұғаттау	35		
Дыбыссыз режим	36		
Құпиялылық режимінің PIN/құпия кодын өзгерту	37		
16 Нәрестені қадағалайтын құрал	38		
Нәресте бөлігін іске қосу/өшіру	38		
Дабыл жіберу	38		
Бала жылауының деңгейін орнату	39		
17 Телефонға авто жауап беру аппараты	40		
Авто жауап беру аппаратын қосу немесе өшіру	40		
Отбасылық ескертпелер	40		
Авто жауап беру аппаратының тілін орнатыңыз.	41		

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Қуат талаптары

- Бұл өнімге 100-240 вольт айнымалы ток электр көзі қажет. Қуат өшіп қалған жағдайда байланыс жоғалуы мүмкін.
- Желідегі кернеу EN 60950 стандартында анықталғандай TNV-3 (Электробайланыс желісіндегі кернеу) ретінде жүйеленген.



Абайлаңыз

- Электр желісі қауіпті ретінде белгіленген. Зарядтағышты қуаттан айырудың жалғыз жолы - қуат тасымалдау құралын электр тогы розеткасынан ажырату. Электр тогы розеткасына ыңғайлы жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.

- Металл заттар телефон тұтқасына жақын немесе оның үстінде орналасса, олар шоғырланып қалуы мүмкін.
- Жарылыс қаупі бар ортада өнімді қолданбаңыз.
- Телефон тұтқасын, негізгі станцияны немесе зарядтағышты ашпаңыз, себебі тым жоғары кернеуге тап болыңыз мүмкін.
- Алынбалы құрылғылар үшін ашалы розетка құрылғыға жақын орналасуы және ол ыңғайлы жерде болуы қажет.
- Хендсфриді белсендіру телефон тұтқасының шұңғылшасындағы дыбысты өте жоғары деңгейге арттыруы мүмкін: телефон тұтқасының құлағыңызға тым жақын орналаспағанына көз жеткізіңіз.
- Бұл жабдық қуат өшкенде жедел байланыстар құруға арналмаған. Жедел байланыстар құру үшін басқа жабдық қолдану қажет.
- Өнімге сұйықтықтың енуіне жол бермеңіз.
- Құрамында спирт, аммиак, бензин немесе абразивті заттары бар тазартқыш құралдарды қолданбаңыз, құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Телефонды жылыту жабдығы немесе тікелей күн сәулесі сияқты қатты ыстық жерде пайдаланбаңыз.
- Телефонныңызды құлатып алмаңыз немесе өзге заттардың оның үстіне құлап кетуіне жол беріңіз.
- Жақын жердегі белсенді ұялы телефондар кедергі келтіруі мүмкін.

Зақымды немесе ақаулықты болдырмау үшін:



Ескерту

- Тек қана пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген қуат тасымалдау құралдарын пайдаланыңыз.
- Тек қана пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген батареяларды пайдаланыңыз.
- Батарея бұрыс түрде орнатылса, жарылыс қаупі туындауы мүмкін.
- Пайдаланылған батареяларды нұсқауларға сәйкес тастаңыз.
- Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Әрдайым өніммен бірге ұсынылған кабельдерді пайдаланыңыз.
- Зарядтауға арналған жанасу нүктелерінің немесе батареялардың металл заттармен жанасуына жол бермеңіз.
- Кішкентай металл заттардың өніммен жанасуына жол бермеңіз. Ол дыбыс сапасын нашарлатуы және өнімді зақымдауы мүмкін.

Телефонды нәрестені бақылайтын құрал ретінде пайдалану кезінде

Ескерту

- Балалардың құралмен ойнауына жол бермеңіз.
- Нәресте бөлігі мен тоқ сым, нәрестелердің қолы жетпейтін жерде екендігін әрдайым тексеріп тұрыңыз (Ең кем дегенде 1 метр/3 фут қашықтықта).
- Жаңғырық болмауы үшін, ата-ана модулі мен нәресте модулінің арақашықтығы кемінде 1,5 метр болуы керек.
- Нәресте бөлігін бөпенің төсегіне немесе манежінің ішіне қоймаңыз.
- Ата-аналар және нәресте бөліктерін ешқашан еш нәрсемен жаппаңыз (мәселен, сүлгі немесе көрпеше). Нәресте бөлігіндегі салқындату желдеткішінің бекітіліп қалмағанын әрдайым тексеріңіз.
- Нәресте ұйқысына кедергі келтірмеу үшін мүмкін барлық шараларды орындаңыз.
- Қозғалу, сезу немесе ойлау қабілеті төмен, тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар (соның ішінде балалар) бұл құралды қауіпсіздігі үшін жауапты адамның қадағалауынсыз немесе осы құралды пайдалану туралы нұсқауларсыз пайдаланбауы керек.
- Егер ата-аналар бөлігін қабылдаушы немесе басқа DECT құралы жанына қойсаңыз (мәселен DECT телефоны немесе интернетке арналған сымсыз маршрутизатор), онда нәресте бөлігімен байланыс жоғалуы мүмкін. Нәресте мониторын байланыс қайта орнатылғанға дейін басқа сымсыз құрылғылардан аулақ ұстаныңыз.
- Бұл нәресте мониторы көмекші құрал ретінде жасалған. Ол ересек адамның сенімді және толық қадағалауын алмастырмайды және құралды ондай максатта пайдалануға болмайды.

Жұмыс істеу және сақтау температурасы туралы

- Температурасы 0°C пен +40°C аралығында болатын (ылғалдылығы 90%-дан аспайтын) бөлмеде пайдаланыңыз.
- Температурасы -20°C пен +45°C аралығында болатын (ылғалдылығы 95%-дан аспайтын) бөлмеде сақтаңыз.
- Батарея қуаты төмен температура шарттарында қысқаруы мүмкін.

2 Телефон

Сатып алынған зат құтты болсын және Philips өнімдері орталығына қош келдіңіз!

<Brand> ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өніміңізді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Қорапта не бар



Тұтқа**




Негізгі станция (D630)



Негізгі станция (D635)




Зарядтағыш



Қуат адаптері**



Желі сымы*



2 x AAA зарядталатын батарея**



Көпілдік





Қысқаша нұсқаулық



Ескертпе

- * Кейбір елдерде алдымен желі адаптерін желі сымына қосу, одан кейін желі сымын телефон розеткасына сұғу қажет.
- ** Бірнеше телефон тұтқасы бар топтамада қосымша телефон тұтқалары, зарядтағыштар, қуат адаптерлері және батареялар болады.

Телефонға шолу



1 Телефон тұтқасының шұңғылшасы



- Мәзір бойымен жоғары жылжу.
- Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейін арттыру.
- Телефон кітапшасына күту режимінде қол жеткізу.



- Өңдеу режимінде курсорды оң жаққа жылжыту.
- Негізгі мәзір режиміндегі оң жаққа айналдырыңыз.



- Жеке мәтінді немесе санды жою үшін, басу. Барлық мәтінді жою үшін, басып тұру.

- Операциядан бас тарту.
- Қайта теру тізіміне күту режимінде қол жеткізу.
- Сөйлесу кезінде дыбыс профилін өзгерту.
- Перненің дәл үстіңгі жағындағы телефон тұтқасы экранында көрсетілген функцияны таңдау.



- Қоңырауды аяқтау.
- Мәзірден шығу немесе операцияны аяқтау.
- Гарнитура қуатын қосу/өшіру үшін басып тұрыңыз.



- Мәтінді өңдеу кезінде бос орын енгізу үшін басу.
- Күту режимінде пернетақтаны құлыптау/құлыптаудан шығару үшін басып тұру.



- Контактінің атын және нөмірін түзету кезінде уақытша кідірту үшін, басып тұру.
- Өңдеу кезінде үлкен/кіші әріпке ауысу.



- Микрофон дыбысының деңгейін арттыру немесе төмендету.
- Күту режимінде авто жауап беру аппаратының мәзіріне кіру (тек D635 үшін).
- Авто жауап беру аппаратындағы жаңа хабарларды тыңдау (тек D635 үшін).



9 Микрофон



- Телефон дауыс зорайтқышын қосу/өшіру.
- Дауыс зорайтқыш арқылы қоңырау шалу және қоңырауларды қабылдау.

11 *INT

- Екі жақты қоңырау шалу үшін басып тұру (тек бірнеше телефон тұтқасы бар нұсқаға арналған).
- Теру режимін (импульстік режимді немесе уақытша үндестік режимін) орнату.

12

- Мәзір бойымен төмен жылжу.
- Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейін төмендету.
- Күту режимінде қоңыраулар журналына қол жеткізу.

13

- Өңдеу режимінде курсорды сол жаққа жылжыту.
- Негізгі мәзір режиміндегі сол жаққа айналдырыңыз.

14

- Қоңырау шалу және қоңырауларды қабылдау.
- Қайта қоңырау шалу пернесі (бұл функция желіге байланысты.)

15

- Күту режимінде басты мәзірге қол жеткізу.
- Таңдауды растау.
- Опциялар мәзіріне кіру.
- Перненің дәл үстіңгі жағындағы телефон тұтқасы экранында көрсетілген функцияны таңдау.

16 ЖШД көрсеткіші


- Өшірулі: жаңа оқиға жоқ
- Қосұлы: тұтқа зарядтайтын ұстағышта тұр.
- Қалыпты түрде жыпылықтап тұр: жаңа өткізіп алған қоңыраулар/авто жауап беру аппаратындағы жаңа хабарлар/жаңа дауыстық хаттар/тіркеу режимі.

17 Дауыс зорайтқыш

18 Батарея жапқышы

Негізгі станцияға шолу


D630



1

- Телефон тұтқаларын табу үшін басу.
- Тіркеу режимін енгізу үшін басып тұру.

D635



1 **Динамик**

2

- Авто жауап беру аппаратын қосу немесе өшіру.

③ 

- Қазіргі уақытта ойнатылып жатқан хабарды жою.
- Барлық ескі хабарларды жою үшін басып тұрыңыз.

④  / 

Динамиктің дыбыс деңгейін азайту/
арттыру.

⑤  / 

Ойнату кезінде артқа/алға өткізіп жіберу.

⑥ 

- Хабарларды ойнату.
- Хабарларды ойнатуды тоқтату.

⑦ **ЖШД көрсеткіші**

- Өшірулі: жауап беру машинасы өшірулі.
- Қосулы: жауап беру машинасы қосулы.
- Қалыпты түрде жанады: жаңа хабар(лар), хабар жазылады.
- Жылдам жанады: кіріс қоңырау, тіркеу режимі.


⑧ 

- Телефон тұтқаларын табу үшін басу.
- Тіркеу режимін енгізу үшін басып тұру.

3 Жұмысты бастау

Ескерту

- Телефон тұтқасын қоспас немесе орнатпас бұрын, мәндетті түрде «Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары» бөлімін оқып шығыңыз.



Негізгі станцияны қосу

Абайлаңыз


- Өнімді бұзып алу қаупі! Электр қуаты көзіндегі кернеулі токтың телефонның артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеулі токқа сәйкестігін тексеріңіз.
- Батареяларды зарядтау үшін тек жинақпен берілген айнаымалы ток адаптерін пайдаланыңыз.

Ескертпе

- Егер сандық жазылу желісі (DSL) жоғары жылдамдықты интернетке телефон желісі арқылы жазылған болсаңыз, телефон желісі сымы мен қуат розеткасы арасында DSL сүзгісі орнатылғанына көз жеткізіңіз. Сүзгі DSL әсерінен туындайтын шу мен қоңырау шалушы идентификаторына қатысты мәселелердің алдын алуға мүмкіндік береді. DSL сүзгілері туралы ақпарат алу үшін DSL қызметін көрсетуші провайдерге хабарласыңыз.
- Типтік кесте негізгі станцияның астыңғы жағында орналасқан.

3 Қуат адаптерінің әрбір ұшын мыналарға жалғаңыз (тек көп тұтқалы нұсқада):

- телефон тұтқасын зарядтағышының төменгі жағындағы тұрақты ток кіріс ұясына;
- қабырғадағы қуат розеткасына.




1 Қуат адаптерінің әр ұшын келесілерге жалғаңыз:

- негізгі станцияның төменгі жағындағы тұрақты ток кіріс ұясына;
- қабырғадағы қуат розеткасына.

2 Желі сымының әр ұшын келесілерге жалғаңыз:

- негізгі станцияның төменгі жағындағы телефон ұясына;
- қабырғадағы телефон ұясына.

Жинақтағы батареяларды орнатыңыз



Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Тек ұсынылған батареяларды қолданыңыз.
- Батареяның қызмет мерзімінің азаю қаупі бар! Батареялардың әртүрлі брендтерін немесе түрлерін ешқашан араластырмаңыз.

Ескертпе

- Бірінші рет пайдаланбай тұрып батареяларды 8 сағат бойы зарядтаңыз.
- Батареяларды зарядтау кезінде телефон тұтқасының қызып кетуі - қалыпты жағдай.

Абайлаңыз

- Батареяларды батарея бөлігіне енгізу кезінде батарея полярлығын тексеріңіз. Полярлықтың дұрыс болмауы өнімді зақымдауы мүмкін.

Телефонды баптау (мемлекетке байланысты)

- 1 Телефонды алғаш рет пайдалану кезінде сәлемдесу хабарын көретін боласыз.
- 2 [ОК] түймесін басыңыз.

Елді орнату

Елді таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.

↳ Ел параметрі сақталды.

Ескертпе

- Ел параметрі опциясы елге байланысты. Егер сәлемдесу хабары көрсетілмесе, ел параметрі алдын ала орнатылған. Одан кейін күн мен уақытты қолмен орнатуға болады.

Тілді орнату үшін келесі қадамдары орынданыз.

- 1 [Меню] тармағын таңдаңыз.
- 2 ⚙ тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 3 [Язык] пәрменін таңдаңыз да, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 Тілді таңдап, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Күн мен уақытты орнату

- 1 [Меню] тармағын таңдаңыз.
- 2 ⚙ тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.

- 3 [Дата и время] пәрменін таңдаңыз да, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 [Устан. дату]/[Устан. время] тармағын таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 5 Күн мен уақытты енгізу үшін, сандық түймелерді басыңыз.

Ескертпе

- Егер уақыт 12 сағаттық пішімде болса, *ит түймесін басып [ДП] немесе [ПП] параметрін таңдаңыз (елге байланысты).

- 6 Растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.

Күн мен уақытты пішімін орнату

- 1 [Меню] тармағын таңдаңыз.
- 2  /  түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 3 [Дата и время] пәрменін таңдаңыз да, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 [Формат даты] немесе [Формат врем.] тармағын таңдаңыз.
- 5 Күн дисплейі ретінде [ДД-ММ-ГГГГ] немесе [ММ-ДД-ГГГГ] таңдау және уақыт дисплейі ретінде [12 ч.] немесе [24 ч.] таңдау үшін  /  түймесін басыңыз. Содан кейін растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Ескертпе

- Күн мен уақыт пішімінің параметрі елге байланысты болады.

Қашықтан қол жеткізудің PIN/құпия кодын өзгерту




Ескертпе

- Әдепкі авто жауап беру аппаратына қашықтан қол жеткізудің PIN/құпия коды — 0000 және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін оны өзгерту маңызды.

- 1 [Меню] тармағын таңдаңыз.
- 2  тармағын таңдау үшін  /  түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 3 [Удал. доступ] > [Сменить PIN] тармағын таңдап, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 Ескі PIN/құпия кодын енгізіп, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 5 Жаңа PIN/құпия кодын енгізіп, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 6 Жаңа PIN/құпия кодын қайта енгізіп, растау үшін [Сохран.] түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Тұтқаны зарядтау



Тұтқаны зарядтау үшін негізгі станцияға қойыңыз. Телефон тұтқасы негізгі станцияға дұрыс қойылса, түйісу дыбысын естисіз.

- Телефон тұтқасы зарядтала бастайды.

Ескертпе

- Бірінші рет пайдаланбай тұрып батареяларды 8 сағат бойы зарядтаңыз.
- Батареялар зарядталып жатқан кезде тұтқаның қызуы — қалыпты жағдай.

Телефон қолдануға дайын.

Батарея деңгейін тексеру

Батарея белгішесі ағымдағы батарея деңгейін көрсетеді.

 Телефон тұтқасы негізгі станциядан/зарядтағыштан ажыратылған болса, жолақтар батарея деңгейін (толықтай зарядталған немесе аз) көрсетеді.

 Тұтқаны негізгі станцияға қойғанда жолақтар зарядталу аяқталғанша жыпылықтайды.

 Қуаты жоқ батарея белгішесі жыпылықтайды. Батареяның қуаты аз және оны қайта зарядтау қажет.

Телефонды қолдану кезінде ескерту дыбыстарын естісеңіз, телефон батареясының қуаты таусылуға жақын. Батареялар қуаты толықтай таусылған кезде телефон тұтқасы өшеді.

Күту режимі дегеніміз не?

Телефон қолданылмай тұрған кезде күту режимінде болады. Күту режимінің экранында телефон тұтқасының аты, күн мен уақыт, әрі телефон тұтқасының нөмірі көрсетіледі.

Сигнал деңгейін тексеру

 Жолақтар саны телефон тұтқасы мен негізгі станция арасындағы байланыс күйін көрсетеді. Жолақтар саны көп болған сайын байланыста жақсырақ болады.

- Қоңырау шалмастан немесе қабылдамастан бұрын және функциялар мен мүмкіндіктерді қолданбастан бұрын телефон тұтқасы негізгі станцияға жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Телефон арқылы сөйлесу кезінде ескерту дыбыстарын естісеңіз, телефон батареясының қуаты таусылуға жақын немесе телефон ауқымнан тыс жерде тұр. Батареяны зарядтаңыз немесе тұтқаны негізгі станцияға жақынырақ апарыңыз.

Ескертпе

- ESO+ қосылып тұрғанда сигнал сапасының белгішесі көрсетілмейді. (ақылдасу 'ESO+ режимі' бет 31)

Тұтқаны қосу немесе өшіру

Телефон тұтқасын қосу немесе өшіру үшін  түймесін басып тұрыңыз.

4 Басты мәзір белгішелері



[Автоответчик] - Телефон хабарларын орнатыңыз, тыңдаңыз, жойыңыз т.б (тек D635 үшін).

Төменде <Үлгі нөміріңіз> үлгісінде қолжетімді мәзір опцияларына жалпы шолу берілген. Мәзір опцияларының толық түсіндірмелерін осы пайдаланушы нұсқаулығының сәйкес бөлімдерінен қараңыз.

Белгіше	Сипаттамалар
	[Телеф. книга] - Телефон кітапшасының жазбаларын қосу, түзету, басқару т.б.
	[Звуки] - Қоңырау дыбысының деңгейін, қоңырау дыбысының әуенін, перне дыбысын т.б. орнату.
	[Настр. телеф.] - Күн мен уақытты, Есо режимді, тұтқа атын және дисплей тілін орнату.
	[Будильник] - Дабыл уақытын, дабыл дыбысын, дабыл қайталануын орнату.
	[Список звонков] - Барлық өткізіп алған қоңыраулар, қабылданған немесе блокталған қоңыраулардың журналын сақтайды (тек D630 үшін).
	[Конфид. режим] - Кіріс, шығыс қоңырауларды құлыптау немесе дыбыссыз режимді орнату.
	[Службы] - Автоконференцияны, автопрефиксті, желі түрін, қайта қоңырау шалу уақытын, автосағатты, қоңырау шалу қызметтерін т.б. орнату. Қызметтер желіге және елге байланысты болады.
	[Радионяня] - Сыртқы желіге, телефон кітапшасындағы немесе басқа тұтқалардағы бір контактіге дабылды және бала жылауының деңгейін орнатыңыз.

5 Дисплей белгішелері

Күту режимінде басты экрандағы белгішелер телефон тұтқасында қолжетімді мүмкіндіктерді көрсетеді.

Белгіше	Сипаттамалар
	Телефон тұтқасы негізгі станциядан/зарядтағыштан ажыратылған болса, жолақтар батарея деңгейін (толықтай зарядталған немесе аз) көрсетеді. Телефон тұтқасын негізгі станцияға/зарядтағышқа қойғанда, жолақтар батарея толық зарядталғанша жылжуын тоқтатпайды.
	Қуаты таусылған батарея белгішесі жыпылықтап, ескерту дыбысы естіледі. Батареяның қуаты аз және оны қайта зарядтау қажет.
	Ол телефон тұтқасы мен базалық станция арасындағы байланыс күйін көрсетеді. Жолақтар саны көп болған сайын сигнал сапасы да жақсырақ болады.
	Бұл белгіше жаңа жауап берілмеген қоңырау бар болғанда жыпылықтап тұрады. Қоңыраулар журналындағы оқылмаған өткізіп алған қоңырауларды немесе оқылған өткізіп алған қоңырауларды шолғанда ол тұрақты түрде қосулы болады.
	Қоңыраулар журналындағы блокталған қоңырауларды шолғанда ол тұрақты түрде қосулы болады.

	Кіріс мобильді телефон нөмірі болған кезде
	Кіріс үй нөмірі болған кезде жыпылықтайды.
	Кіріс кеңсе нөмірі болған кезде жыпылықтайды.
	Қоңырау дыбысы өшіп тұр. Дыбыссыз режим орнатылды және белсенді кезеңде (телефон шырылдамайды).
	Авто жауап беру аппараты (тек D635): жаңа хабар келгенде немесе жад толы болғанда жыпылықтайды. Ол телефонға авто жауап беру аппараты қосылған кезде көрсетіледі.
	Жаңа дауыстық хабарлама бар кезде жыпылықтайды. Дауыстық хабарламаны қоңырау журналынан қарағаннан кейін белгіше қалыпты күйіне оралады. Дауыстық хабарлама жоқ болса, белгіше көрсетілмейді.
	Дыбыссыз режим орнатылды, бірақ белсенді кезеңнен тыс.
	Дабыл іске қосылды.
ECO («Үнемді»)	Еco режимі белсенді.
ECO+	ECO+ режимі белсенді.

6 Қоңыраулар

Ескертпе

- Қуат өшкенде, телефон төтенше жағдай қызметтеріне хабарласа алмайды.

Кеңес

- Қоңырау шалар алдында немесе сөйлесу кезінде сигнал күшін тексеріңіз.

Қоңырау шалу

Келесі әдістер арқылы қоңырау шала аласыз:

- Қалыпты қоңырау
- Алдын ала теру қоңырауы
- Жылдам теру пернесі арқылы қоңырау шалу

Сондай-ақ, қайта теру тізімінен (ақылдасу 'Қайта қоңырау шалу' бет 28), телефон кітапшасы тізімінен (ақылдасу 'Телефон кітапшасынан қоңырау шалу' бет 21) және қоңырау журналынан (ақылдасу 'Қайта қоңырау шалу' бет 26) қоңырау шала аласыз.

Қалыпты қоңырау

- 1  немесе  түймесін басыңыз.
- 2 Телефон нөмірін теріңіз.
 - ↳ Нөмір терілді.
 - ↳ Ағымдағы қоңырау ұзақтығы көрсетіледі.

Алдын ала нөмір теру

- 1 Телефон нөмірін теру
 - Санды өшіру үшін [Очист.] түймесін басыңыз.
 - Уақытша кідірту енгізу үшін #** түймесін басып тұрыңыз.

- 2 Қоңыраудан шығу үшін,  немесе  түймесін басыңыз.

Жылдам теру пернесі арқылы қоңырау шалу

Егер контакт жылдам теру пернесінде бұрын сақталған болса, қоңырау шалу үшін пернені басып тұрыңыз.

Кеңес

- Жылдам теру пернелерін орнату әдісі туралы ақпаратты «Телефон кітапшасы» тарауындағы «Жылдам теру пернелерін орнату» бөлімінен қараңыз.

Ескертпе

- Ағымдағы қоңыраудың сөйлесу уақыты қоңыраудың уақыт датчигінде көрсетіледі.
- Егер ескерту дыбысын естісеңіз, телефон батареясының қуаты таусылған немесе телефон ауқымнан тыс жерде тұр. Батареяны зарядтаңыз немесе телефонды негізгі станцияға жақынырақ апарыңыз.

Қоңырауға жауап беру

Телефон шырылдағанда келесі опциялардан таңдауға болады:

- қоңырауға жауап беру үшін  немесе  түймесін басыңыз.
- жауап беру машинасына кіріс қоңырауды жіберу үшін [Divert] опциясын таңдау (тек D635 жүйесіне қабылданады).
- ағымдағы кіріс қоңырауының шырылдауын өшіру үшін [Тихо] параметрін таңдаңыз.

Абайлаңыз

- Телефон тұтқасы шырылдағанда немесе хендсфри белсенді болған кезде құлағыңызға зақым келмеу үшін телефон тұтқасын құлағыңыздан қашығырақ ұстаңыз.

Ескертпе

- Қоңырау шалушы идентификаторы қызметін қызмет көрсетуші провайдерге тіркеген болсаңыз, бұл қызмет қолжетімді болады.

Кеңес

- Қоңырау жіберілген кезде, ескертпе хабарламасы көрсетіледі. Гарнитурда ЖШД жанады.

Қоңырауды аяқтау

Келесі әдістер арқылы қоңырауды аяқтауға болады:

-  түймесін басыңыз; немесе
- Тұтқаны негізгі станцияға немесе зарядтайтын ұстағышқа қойыңыз.

Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейін реттеу

Қоңырау шалу барысында дыбыс деңгейін реттеу үшін, тұтқадағы  /  түймесін басыңыз.

- ↳ Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейі реттелген және телефон қоңырау экранына оралған.

Микрофон дыбысының деңгейін төмендету

- 1 Қоңырау кезінде  түймесін басыңыз.
 - ↳ Тұтқада [Звук выкл.] көрсетіледі.
 - ↳ Қоңырау шалушы сізді естімейді, алайда, сіз оны естисіз.

- 2 Микрофонды ажырату үшін  түймесін қайта басыңыз.
 - ↳ Енді қоңырау шалушымен сөйлесе аласыз.

Дауыс зорайтқышты қосу/өшіру

 түймесін басыңыз.

Екінші қоңырау шалу

Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты.

- 1 Қоңырау кезінде  түймесін басыңыз.
 - ↳ Бірінші қоңырау желіде тұрады.
- 2 Екінші нөмірді теріңіз.
 - ↳ Экранда көрсетілген нөмір теріледі.

Екінші қоңырауға жауап беру

Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты.

Кіріс қоңырауы туралы хабарлайтын үздіксіз дыбысты естісеңіз, келесі жолдар арқылы қоңырауға жауап бере аласыз:

- 1 Қоңырауға жауап беру үшін  және  түймелерін басыңыз.
 - ↳ Бірінші қоңырау желіде тұрады, ал сіз екінші қоңырауға қосыласыз.
- 2 Ағымдағы қоңырауды аяқтап, бірінші қоңырауға жауап беру үшін  және  түймелерін басыңыз.

Екі қоңырау арасында ауысу



Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты.

Қоңырауларды мына жолдармен ауыстыруға болады:

-  және  түймесін басыңыз немесе
- [Парам.] түймесін басып, [Перекл. выз.] опциясын таңдаңыз да, растау үшін [ОК] түймесін қайтадан басыңыз.
 - ↳ Ағымдағы қоңырау желіде тұрады, ал сіз келесі қоңырауға қосыласыз.

Сыртқы қоңырау шалушылар бар конференция қоңырауын шалу



Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты. Қосымша төлемдер жөнінде ақпаратты қызмет көрсетуші провайдерінен алыңыз.

Екі қоңырау қосылғанда, мына жолдармен конференция қоңырауын жасауға болады:

- , одан кейін  түймелерін басыңыз немесе
- [Парам.] түймесін басып, [Конференция] опциясын таңдаңыз да, растау үшін [ОК] түймесін қайтадан басыңыз.
 - ↳ Екі қоңырау біріктіріледі және конференциялық қоңырау орнатылады.

7 Екі жақты және конференциялық қоңырау

Ескертпе

- Бұл мүмкіндікті тек көп тұтқалы нұсқаларда қолдануға болады.

Екі жақты қоңырау — бір негізгі станцияны ортақ пайдаланатын өзге телефон тұтқасына шалынатын қоңырау. Конференция қоңырауы сіз, өзге телефон тұтқасын пайдаланушы және сыртқы қоңырау шалушы арасындағы тілдесуді қамтиды.

Екінші телефон тұтқасына қоңырау шалу

Ескертпе

- Егер негізгі станцияда тек екі телефон тұтқасы тіркелген болса, қоңырауды келесі телефон тұтқасына қоңырау шалу үшін ***INT** түймесін басып тұрыңыз.

- 1 ***INT** түймесін басып тұрыңыз.
↳ Екі жақты қоңырау үшін қолжетімді телефон тұтқалары көрсетіледі.
- 2 Телефон тұтқасын таңдап, растау үшін **[OK]** түймесін басыңыз.
↳ Таңдалған телефон тұтқасы шыдырлайды.
- 3 Таңдалған телефон тұтқасындағы **ℓ^R** түймесін басыңыз.
↳ Екі жақты қоңырау орнатылды.
- 4 Екі жақты қоңырауды тоқтату немесе аяқтау үшін **[Очист.]** не болмаса **⏏** түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Егер таңдалған тұтқа бос болмаса, тұтқаның экранында **[Занято]** көрсетіледі.

Қоңырау кезінде

Қоңырау кезінде бір телефон тұтқасынан екінші телефон тұтқасына ауыса аласыз:

- 1 ***INT** түймесін басып тұрыңыз.
↳ Ағымдағы қоңырау желіде тұрады.
↳ Көп тұтқалы нұсқаларда өзара байланысқа қолдануға болатын тұтқалар көрсетіледі, содан кейін 2-қадамға өтіңіз.
- 2 Телефон тұтқасын таңдап, растау үшін **[OK]** түймесін басыңыз.
↳ Келесі тараптың қоңырауға жауап беруін күтіңіз.

Қоңыраулар арасында ауысу

Сыртқы қоңырау мен екі жақты қоңырау арасында ауысу үшін **[Extern]** түймесін басыңыз.

Конференциялық қоңырау шалу

3 жақты конференция қоңырауы — сіздің, өзге телефон тұтқасын пайдаланушының және сыртқы қоңырау шалушының арасындағы қоңырау. Ол бір негізгі станцияны ортақ пайдаланатын екі телефон тұтқасының болуын қажет етеді.

Сыртқы қоңырау кезінде

- 1 Ішкі қоңырауды бастау үшін ***INT** түймесін басып тұрыңыз.
↳ Сыртқы қоңырау желіде тұрады.
↳ Бірнеше телефон тұтқасы бар нұсқаларда екі жақты қоңырау үшін

қолжетімді телефон тұтқалары көрсетіледі. Кейін 2-қадамға өтіңіз.

↳ Екі тұтқалы нұсқаларда басқа тұтқа шырылдайды. Кейін 3-қадамға өтіңіз.

2 Телефон тұтқасын таңдап, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.

↳ Таңдалған телефон тұтқасы шылдырлайды.

3 Таңдалған телефон тұтқасындағы  түймесін басыңыз.

↳ Екі жақты қоңырау орнатылды.

4 **[Конф.]** түймесін басыңыз.

↳ Сіз сыртқы қоңырау мен таңдалған телефон тұтқасы арқылы орнатылған 3 жақты конференциялық қоңыраудасыз.

5 Конференциялық қоңырауды аяқтау үшін  түймесін басыңыз.



Ескертпе

-  > **[Конференция]** параметрі **[Авто]** мәніне орнатылған жағдайда жүріп жатқан конференциялық қоңырауға қосылу үшін  түймесін басыңыз.

Конференциялық қоңырау кезінде

1 Сыртқы қоңырауды ұстауға қою және ішкі қоңырауға қайту үшін **[Внутр.]** түймесін басыңыз.

↳ Сыртқы қоңырау желіде тұрады.

2 Конференциялық қоңырауды қайта орнату үшін **[Конф.]** түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Егер конференциялық қоңырау кезінде бір телефон тұтқасын қойсаңыз, екінші телефон тұтқасы сыртқы қоңырауға қосылған күйінде қалады.

8 Мәтін мен сандар

Телефон тұтқасы атауы, телефон кітапшасы жазбалары және өзге де мәзір элементтері үшін мәтін және сандарды енгізе аласыз.

Мәтін мен сандарды енгізу

- 1 Қажетті таңбаны енгізу үшін әріптік-сандық пернені бір немесе бірнеше рет басыңыз.
- 2 Таңбаны жою үшін [Очист.] түймесін басыңыз. Барлық таңбаларды жою үшін [Очист.] түймесін басып тұрыңыз. Курсорды солға және оңға жылжыту үшін ◀/▶ түймесін басыңыз.
- 3 Бос орын қосу үшін 0_ түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Таңбалар мен сандарды басты салыстыру туралы мәліметтер алу үшін «Қосымша» тарауын қараңыз.

Үлкен әріппен кіші әріп арасында ауысу

Әдепкі бойынша, әр сөздің бірінші әрпі үлкен әріппен басталады, ал қалғандары кіші әріппен жазылады. Үлкен және кіші әріптердің арасында ауысу үшін #_A түймесін басыңыз.

9 Телефон кітапшасы

Бұл телефонда 100 жазбаға сақтайтын телефон кітапшасы бар. Телефон кітапшасына тұтқадан қол жеткізуге болады. Әр жазбаның атының ұзындығы 16 таңбаға дейін болуы мүмкін. Ол 3 нөмірге дейін сақтай алады, ал әр нөмірдің ұзындығы 24 санға дейін болады. Жадқа тікелей кірудің 9 жолы бар (1-9 пернелер). Елге сәйкес 1 және 2-перне үшін сәйкесінше қызмет көрсетуші провайдердің дауыстық хабарлама нөмірі және ақпараттық қызмет нөмірі алдын ала орнатылады. Пернені күту режимінде басып тұрғанда сақталған нөмір автоматты түрде теріледі.

Ескертпе

- Тікелей қатынасатын жадтың қол жетімділігі елге байланысты.

Телефон кітапшасын қарау

Ескертпе

- Контакт тізімін бір уақытта бір телефон тұтқасынан қарай аласыз.

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;
 - **[Меню]** тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін  /  түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.
- 2 Қолжетімді ақпаратты көру үшін, **[Парам.]** > **[Показать]** түймесін, одан кейін **[ОК]** түймесін басыңыз.

Жазбаны іздеу

Телефон кітапшасы жазбаларын екі жолмен іздеуге болады:

- Контактілер тізімі бойымен жылжу.
- Контактінің алғашқы таңбасын енгізу.

Контактілер тізімі бойымен жылжу

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;
 - **[Меню]** тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін  /  түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.
- 2 Контакт жазбалары бойымен жылжу үшін  /  түймесін басыңыз.

Контакт атының бірінші таңбасын енгізу

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;
 - **[Меню]** тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін  /  түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.
- 2 Таңбаға сәйкес келетін әріптік-сандық пернені басыңыз.
 - ↳ Осы таңбадан басталатын жазба көрсетіледі.

Телефон кітапшасынан қоңырау шалу

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;
 - **[Меню]** тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін  /  түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.

- 2 Телефон кітапшасынан контактіні таңдаңыз.
- 3 Қоңырау шалу үшін  немесе  түймесін басыңыз.

Қоңырау кезінде телефон кітапшасын ашу

- 1 [Парам.] түймесін басып, [Телеф. книга] параметрін таңдаңыз.
- 2 Растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 3 Контактін таңдаңыз, [Парам.] түймесін басыңыз, содан кейін нөмірді көру үшін [Просм.] түймесін басыңыз.

Жазба қосу

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;
 - [Меню] тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін  /  түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 2 [Парам.] > [Доб. новый] тармағын таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 3 Атауды енгізіңіз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 Қалта телефон нөмірін, үй нөмірін және жұмыс нөмірін енгізіп, растау үшін [Сохран.] түймесін басыңыз.
→ Жаңа жазба сақталды.



Кеңес

- Телефон кітапшасының жады толы болса, ескертпе хабары көрсетіледі. Жаңасын қосу үшін бірнеше жазбаны жойыңыз.
- Уақытша кідірту үшін **#**** түймесін басып тұрыңыз.
- Үлкен және кіші әріптердің арасында ауысу үшін **#**** түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Таңбаны жою үшін [Очист.] түймесін басыңыз.
- Меңзерді солға және оңға жылжыту үшін  /  түймесін басыңыз.
- Телефон кітапшасының әр жазбасында ең көбі 3 нөмір сақтауға болады.

Жазбаны өңдеу

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;
 - [Меню] тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін  /  түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 2 [Парам.] > [Редактир.] тармағын таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 3 Контактін таңдап, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 Атты өңдеңіз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 5 Мобильді/үй/кеңсе нөмірін таңдаңыз, содан кейін растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 6 Нөмірді өңдеңіз, растау үшін [Сохран.] түймесін басыңыз.
→ Жазба сақталды.

Жеке әуенді орнату

Телефон кітапшасындағы біреу қоңырау шалған кезде ойнайтын әуенді жекешелендіруге болады.



Ескертпе

- Бұл мүмкіндікті пайдаланбас бұрын қоңырау шалушы идентификаторына жазылғаныңызға көз жеткізіңіз.

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;
 - [Меню] тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 2 Контактті таңдап, [Парам.] > [Выбор мелодии] түймесін басыңыз.
- 3 Контакттің әуенін орнату немесе өзгерту үшін, [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 Контакт үшін әуенді таңдап, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Әуен орнатылды.

Жылдам теру пернелерін орнату

Контакт нөмірін пернеге тағайындауға және сақтауға болады. Кейін сақталған телефон нөмірін автоматты түрде теру үшін, күту режимінде пернені басып тұруға болады.

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;
 - [Меню] тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 2 Контактті таңдап, [Парам.] > [Показать] > [Парам.] > [Быстрый набор] түймесін, одан кейін растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 3 Контактті таңдап, қолжетімді пернеге тағайындау үшін, ◀/▶ түймесін басып, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Жылдам теру пернесі орнатылды.

Жазбаны жою

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;

- [Меню] тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 2 Контактті таңдап, [Парам.] > [Удалить] түймесін басыңыз. Растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
 - 3 Растау үшін, [ОК] опциясын таңдаңыз.
↳ Жазба жойылды.

Барлық жазбаларды жою

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;
 - [Меню] тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 2 [Парам.] > [Удалить все] тармағын таңдаңыз.
- 3 Растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 4 Растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Барлық жазбалар жойылды.

Ерекшеліктер тізіміне контакт қосу

Ерекшеліктер тізіміне контактті қосуға болады. Ерекшеліктер тізіміне қосылған контакт қоңырау шалған кезде, дыбыссыз режимнің қосылуына қарамастан телефон дереу шырылдайды.

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 -  түймесін басыңыз;
 - [Меню] тармағын таңдаңыз.  тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.

- 2 Контактіні таңдап, [Парам.] > [Задать
исключ.] > [Включить] түймесін
басыңыз.
- 3 Растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.



Кеңес

- Дыбыссыз режимді орнату және контактілерді дыбыссыз режимнен шығару әдісі туралы қосымша ақпаратты «Құпиялылық режимі» тарауындағы «Дыбыссыз режимі» бөлімінен қараңыз.

10 Қоңыраулар журналы

Қоңырау журналында барлық өткізіп алған, қабылданған немесе блокталған қоңыраулардың кіріс қоңыраулар тізімі сақталады. Кіріс қоңыраулары журналында қоңырау шалушы аты мен нөмірін, қоңырау шалу уақыты мен күнін қамтиды. Бұл мүмкіндік қоңырау шалушы идентификаторы қызметін қызмет көрсетуші провайдерінде тіркеген болсаңыз, қолжетімді болады. Телефон 50 кіріс қоңырау жазбасына дейін сақтай алады. Телефон тұтқасындағы қоңырау журналы белгішесі жауап берілмеген қоңыраулар бар болса, жыпылықтап тұрады. Егер қоңырау шалушы өзі туралы ақпаратты көрсетуге рұқсат етсе, оның аты мен нөмірін көре аласыз. Қоңырау жазбалары хронологиялық реті бойынша тізімделеді, тізімнің басында ең соңғы қабылданған қоңырау көрсетіледі.

Ескертпе

- Қоңырау тізімінен тікелей кері қоңырау шалу үшін қоңырау тізіміндегі нөмір жарамды екеніне көз жеткізіңіз.

Экрандағы белгішелер қоңыраудың өткізіп алған/қабылданған/блокталған қоңырау екенін көрсетеді.

Белгішелер	Сипаттама
	Бұл белгіше жаңа жауап берілмеген қоңырау бар болғанда жыпылықтап тұрады. Қоңыраулар журналындағы оқылмаған өткізіп алған қоңырауларды немесе оқылған өткізіп алған қоңырауларды шолғанда ол тұрақты түрде қосұлы болады.



Қоңыраулар журналындағы блокталған қоңырауларды шолғанда ол тұрақты түрде қосұлы болады.

Қоңырау тізімі түрі

Қоңырау журналында барлық кіріс қоңыраулардың немесе тек өткізіп алған қоңыраулардың көрсетілуін орнатуға болады.

Ескертпе

- Бұл параметр елге байланысты.

Қоңырау тізімі түрін таңдау

- 1 **[Меню]** тармағын таңдаңыз.
- 2  тармағын таңдау үшін  /  түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.
- 3 **[Тип спис. выз.]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
- 4 Опцияны таңдап, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.

Қоңырау жазбаларын қарау

- 1 Қоңырау журналына келесі жолдар арқылы кіруге болады:
 - D630 нұсқасы үшін күту режимінде  түймесін басыңыз немесе басты мәзір экранында **[Меню]** >  түймесін басыңыз.
 - D635 нұсқасы үшін күту режимінде  түймесін басып, **[Вход. вызовы]** түймесін таңдаңыз.
- Кіріс қоңыраулары журналы көрсетіледі.

- 2 Жазбаны таңдап, қолжетімді ақпаратты көру үшін [Парам.] > [Показать] > [ОК] түймесін басыңыз.

Қоңырау жазбасын телефон кітапшасына сақтау

- 1 Қоңырау журналына келесі жолдар арқылы кіруге болады:
 - D630 нұсқасы үшін күту режимінде  түймесін басыңыз немесе басты мәзір экранында [Меню] >  түймесін басыңыз.
 - D635 нұсқасы үшін күту режимінде  түймесін басып, [Вход. вызовы] түймесін таңдаңыз.↳ Кіріс қоңыраулары журналы көрсетіледі.
- 2 Жазбаны таңдап, [Парам.] түймесін басыңыз.
- 3 [Сохранение] пәрменін таңдаңыз да, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 Атты енгізіп немесе өзгертіп, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 5 Нөмір түрін (мобильді/үй/кеңсе) таңдаңыз, содан кейін растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 6 Нөмірді өңдеңіз, растау үшін [Сохранение] түймесін басыңыз.
↳ Жазба сақталды.

Қайта қоңырау шалу

- 1 Қоңырау журналына келесі жолдар арқылы кіруге болады:
 - D630 нұсқасы үшін күту режимінде  түймесін басыңыз немесе басты мәзір экранында [Меню] >  түймесін басыңыз.
 - D635 нұсқасы үшін күту режимінде  түймесін басып, [Вход. вызовы] опциясын таңдаңыз.

↳ Кіріс қоңыраулары журналы көрсетіледі.

- 2 Тізімнен бір жазбаны таңдаңыз.
- 3 Қоңырау шалу үшін  түймесін басыңыз.

Қоңырау жазбасын жою

- 1 Қоңырау журналына келесі жолдар арқылы кіруге болады:
 - D630 нұсқасы үшін күту режимінде  түймесін басыңыз немесе басты мәзір экранында [Меню] >  түймесін басыңыз.
 - D635 нұсқасы үшін күту режимінде  түймесін басып, [Вход. вызовы] опциясын таңдаңыз.↳ Кіріс қоңыраулары журналы көрсетіледі.
- 2 Жазбаны таңдап, [Парам.] түймесін басыңыз.
- 3 [Удалить] тармағын таңдап, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 4 Растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Жазба жойылды.

Барлық қоңырау жазбаларын жою

- 1 Қоңырау журналына келесі жолдар арқылы кіруге болады:
 - D630 нұсқасы үшін күту режимінде  түймесін басыңыз немесе басты мәзір экранында [Меню] >  түймесін басыңыз.
 - D635 нұсқасы үшін күту режимінде  түймесін басып, [Вход. вызовы] опциясын таңдаңыз.↳ Кіріс қоңыраулары журналы көрсетіледі.

2 [Парам.] > [Удалить все] тармағын таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.

↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.

3 Растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.

↳ Барлық жазбалар жойылды.

11 Терілген нөмірлер тізімі

Терілген нөмірлер тізімінде терілген нөмірлердің тізімі сақталады. Бұл тізім сіз қоңырау шалған нөмірлерді және/немесе аттарды қамтиды. Бұл телефон 20 терілген нөмірге дейін сақтай алады.

Терілген нөмірлерді қарау

[Повт.] тармағын таңдаңыз.

Терілген нөмірлерді телефон кітапшасына сақтау

- 1 Терілген қоңыраулар тізіміне кіру үшін [Повт.] түймесін басыңыз.
- 2 Бір жазбаны таңдап, растау үшін [Парам.] түймесін басыңыз.
- 3 [Сохран. номер] пәрменін таңдаңыз да, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 Атты енгізіп немесе өзгертіп, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 5 Нөмір түрін (мобильді/үй/кеңсе) таңдаңыз, содан кейін растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 6 Нөмірді өңдеңіз, растау үшін [Сохран.] түймесін басыңыз.
↳ Жазба сақталды.

Қайта қоңырау шалу

- 1 [Повт.] түймесін басыңыз.
- 2 Қоңырау шалынатын жазбаны таңдаңыз.
↳ түймесін басыңыз.
↳ Нөмір терілді.

Қоңырау барысында терілген нөмірлер тізімін ашу

- 1 [Парам.] түймесін басып, [Повторн. набор] параметрін таңдаңыз.
- 2 Растау үшін, [ОК] түймесін басыңыз.

Терілген нөмірлерді жою

- 1 Терілген қоңыраулар тізіміне кіру үшін [Повт.] түймесін басыңыз.
- 2 Бір жазбаны таңдап, растау үшін [Парам.] түймесін басыңыз.
- 3 [Удалить] пәрменін таңдаңыз да, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 4 Растау үшін, [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Жазба жойылды.

Барлық терілген нөмірлерді жою

- 1 Терілген қоңыраулар тізіміне кіру үшін [Повт.] түймесін басыңыз.
- 2 [Парам.] > [Удалить все] тармағын таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 3 Растау үшін, [ОК] түймесін басыңыз.
↳ Барлық жазбалар жойылды.

12 Дыбыс параметрлері

Телефон тұтқасында қоңырау дыбысының деңгейін орнату

5 қоңырау дыбысы деңгейлерінің біреуін немесе үдемелі дыбысты (яғни, қоңырау дыбысы ақырын басталып, қоңырауға жауап берілмеген жағдайда уақыт өте жоғарылай береді) таңдауға болады.

- 1 **[Меню]** тармағын таңдаңыз.
- 2 «» тармағын таңдау үшін ◀ / ▶ түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.
- 3 **[Громк. вызова]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
- 4 Дыбыс деңгейін таңдаңыз, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.



Кеңес

- Қоңырау дыбысын өшірген кезде экранда  көрсетіледі.

Ішкі қоңыраулар үшін тұтқаның қоңырау дыбысын орнатыңыз

Ішкі қоңырауларға арналған 11 қоңырау дыбыстарының бірін таңдауға болады.

- 1 **[Меню]** тармағын таңдаңыз.
- 2 «» тармағын таңдау үшін ◀ / ▶ түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.

- 3 **[Мелодия внутр.]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
- 4 Қоңырау дыбысын таңдап, растау үшін **[ОК]** опциясын басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Сыртқы қоңыраулар үшін тұтқаның қоңырау дыбысын орнатыңыз

Сыртқы қоңырауларға арналған 11 қоңырау дыбыстарының бірін таңдауға болады.

- 1 **[Меню]** тармағын таңдаңыз.
- 2 «» тармағын таңдау үшін ◀ / ▶ түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.
- 3 **[Мелодия внеш.]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
- 4 Қоңырау дыбысын таңдап, растау үшін **[ОК]** опциясын басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Перне дыбысы

Перне дыбысы — телефон тұтқасындағы пернені басқанда шығатын дыбыс.

- 1 **[Меню]** тармағын таңдаңыз.
- 2 «» тармағын таңдау үшін ◀ / ▶ түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.
- 3 **[Звук кнопок]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
- 4 **[Включить]/[Выключить]** тармағын таңдаңыз, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Қосылу дыбысын орнату

Түйісу дыбысы — телефон тұтқасын негізгі станцияға немесе зарядтағышқа қойған кезде шығатын дыбыс.

- 1 **[Меню]** тармағын таңдаңыз.
- 2 «» тармағын таңдау үшін ◀ / ▶ түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.
- 3 **[Звук базы]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
- 4 **[Включить]/[Выключить]** тармағын таңдаңыз, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

- 4 Профильді таңдаңыз, содан кейін растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Сөйлесу кезінде дыбыс профиліне қол жеткізу

Сөйлесу кезінде дыбыс профилін өзгерту үшін **[Звук]** түймесін бір рет немесе бірнеше рет басыңыз.

Батарея дыбыс орнату

Батарея дыбысы — батарея қуаты төмендегенде және қайта зарядтау қажет болғанда шығатын дыбыс.

- 1 **[Меню]** тармағын таңдаңыз.
- 2 «» тармағын таңдау үшін ◀ / ▶ түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.
- 3 **[Звук аккумуля.]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
- 4 **[Включить]/[Выключить]** тармағын таңдаңыз, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Дыбыс профилін орнату

Телефон тұтқасының шұңғылшасындағы немесе хендсфри режиміндегі дыбыстың 3 түрлі профилінің бірін орнатуға болады.

- 1 **[Меню]** тармағын таңдаңыз.
- 2 «» тармағын таңдау үшін ◀ / ▶ түймесін, одан кейін **[Выбр.]** түймесін басыңыз.
- 3 **[MySound]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **[ОК]** түймесін басыңыз.

13 Телефон параметрлері

Телефоныңызды толықтай иелену үшін параметрлерді теңшей аласыз.

Көрсету параметрлері

Күту режимінде телефон дисплейін өзгертуге болады.

Жарықтықты орнату

Тұтқа экранының жарықтығын түрлі деңгейлерге орната аласыз.

- 1 [Меню] тармағын таңдаңыз.
- 2  тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 3 [Дисплей] > [Яркость] тармағын таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 Опцияны таңдап, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.

Сұйық кристалды экранның көмескі жарығын орнату

Сұйық кристалды экранның көмескі жарығын және телефон шырылдағанда пернетақтаны жанатын немесе жанбайтын етіп орнатуға болады.

- 1 [Меню] тармағын таңдаңыз.
- 2  тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 3 [Дисплей] > [Визуал. сигнал] тармағын таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 [Индик. вкл.]/[Индик. выкл.] тармағын таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
→ Параметр сақталды.

ECO режимі

Еco режимі сіз сөйлесіп жатқанда немесе телефон күту режимінде болғанда телефон тұтқасының және базалық станцияның тасымалдау қуатын азайтады.

- 1 [Меню] тармағын таңдаңыз.
- 2  тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 3 [Режим ECO] пәрменін таңдаңыз да, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 [Включить]/[Выключить] тармағын таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
→ Параметр сақталды.
→  күту режимінде көрсетіледі.

Ескертпе

- ECO («Үнемді») режимі [Включить] күйіне орнатылған болса, телефон тұтқасы мен базалық станция арасындағы байланыс ауқымын азайтуға болады.

ECO+ режимі

ECO+ режимі белсендірілгенде күту режимінде тұтқаның және негізгі станцияның тасымалдау қуатын азайтады.

- 1 [Меню] тармағын таңдаңыз.
- 2  тармағын таңдау үшін ◀/▶ түймесін, одан кейін [Выбр.] түймесін басыңыз.
- 3 [Режим ECO+] пәрменін таңдаңыз да, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
- 4 [Включить]/[Выключить] тармағын таңдаңыз, растау үшін [ОК] түймесін басыңыз.
→ Параметр сақталды.

Ескертпе

- **ЕСО+** мүмкіндігі дұрыс жұмыс істеу үшін негізгі станцияда тіркелген барлық тұтқалар <Үлгі нөмірі> екеніне көз жеткізіңіз.
- **ЕСО+** белсендірілгенде күту уақыты азаяды. Бұл **ЕСО+** режимінде негізгі станция күту режимінде болғанда ешбір сигналдарды тасымалдай алмайтындығына байланысты; сондықтан тұтқаның кіріс қоңырауларын немесе негізгі станциядан келген басқа сұрауларды анықтау үшін негізгі станция сигналдарын жиі «тыңдауы» қажет болады. Сондай-ақ, қоңырау орнатылымы, қоңырау журналы, пейджинг және телефон кітапшасын шолу секілді мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін кететін тұтқаның уақыты да азайтылады. Қуат таусылғанда немесе ауқымнан тыс жерге өткенде тұтқа байланыстың жоғалғаны туралы ескертпейді.

Келесі кестеде әртүрлі **Есо** режимінің және **ЕСО+** режимінің параметрлері бар телефон тұтқасы экранының ағымдағы күйін көрсетеді.

